

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК



Мәселелер

**ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

6B01201-«Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері» білім бағдарламасы  
студенттері үшін

Бағдарлама білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері негізінде  
әзірленген (СМЖ №025)

Құрастырушылар:

қауымдаст. профессор м.а. п.ғ.к. Жұмашева Н.С.  
қауымдаст. профессор п.ғ.к. Туленова У.Т.  
қауымдаст. профессор м.а. PhD Қиңжибаева Ф.Б.  
аға оқытушы п.ғ. магистрі Абилова О.А.

Кафедра мәжілісінде ұсынылған

Хаттама № 6 » 20.01 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі [Signature]

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған

« 27 қаңтар 2023 ж. Хаттама № 3 »

ОӘК төрағасы [Signature]

КЕЛІСІДІ

Факультет деканы [Signature] « 01.01 » 2023 ж.

ББАСАЖДҚК басшысы [Signature] « 30 » 2023 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған

« 30 » 01 2023 ж. Хаттама № 3 »

## 1. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты мен міндеттері

6B01201 – Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері (бакалавриат) білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің дайындығын мен кәсіби құзыреттіліктерін менгеру дәрежесін және теориялық-практикалық тұрғыдан кәсіби қызметке дайындығын анықтау.

### Қорытынды аттестаттаудың міндеттері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын жүзеге асыратын болашақ педагог-қызметкерлердің теориялық дайындығын анықтау;
- педагогикалық тұжырымдамаларды, академиялық пәндерді оқыту, заманауи прогрессивті және инновациялық технологияларды басшылыққа ала отырып білім беруді жобалау, менгерген білімдерді теориялық-тәжірибелік тұрғыдан негіздеп, қорытындылар мен тұжырымдар жасау және бағалау;
- «Педагог» кәсіби стандарт бойынша мектепке дейінгі білім беруде кәсіби міндеттер мен қойылатын талаптар негізінде құзыреттіліктер деңгейін тексеру;
- тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін қазіргі педагогикалық технологиялардың адиснамалық негіздері мен әдістерін тәжірибеде қолдану тиімділігін бағалау.

Қорытынды аттестаттауды білім алушылардың негізгі білім беру бағдарламасын менгеру нәтижелерінің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында қорытынды емтихан комиссиялары жүргізіледі.

## 2. Қорытынды аттестаттауға енгізілетін құзыреттіліктер

ҚА барысында білім алушылар келесі құзыреттіліктерінің қалыптасқанын көрсетугі тиіс:

- мектепке дейінгі педагогиканың теориялық негіздері, мектеп жасына дейінгі балалардың анатомиялық, физиологиялық және психологиялық даму заңдылықтары және олардың жеке басының әлеуметтік қалыптасуы туралы білімдерін көрсете алады;
  - мектепке дейінгі саланың теориялық тұжырымдамалары мен интеграциясындағы мектепке дейінгі дидактиканың классикалық ережелерін, мектепке дейінгі психология мен педагогикалық ғылымдардың жаңа жетістіктерін, дәстүрлі технологиялар мен дидактикалық оқыту құралдарын қолдана алады;
  - мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қабілеттерін ашу қағидаларын, оқытудың педагогикалық технологияларын, оқытудағы құзыреттілік тәсілінің ерекшеліктерін және коммуникативтік, денсаулық сақтау, ақпараттық, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру қағидаларын мен әдістерін қолдана алады;
  - балалардың іс-әрекеті бойынша пәндік және тілдік дағдыларды бағалау критерийлерін қалыптастыру, педагогикалық диагностиканы іске асырады және жіктейді, пәнаралық байланыстарда инновацияларды енгізу нәтижелерін талдайды және бағалайды;
  - өз іс-әрекеттерін жоспарланған нәтижелермен байланыстыру, нәтижеге қол жеткізу үдерісінде өз қызметін бақылауды жүзеге асыру, ұсынылған шарттар мен талаптар аясында іс-қимыл тәсілдерін айқындау, өзгеретін жағдайға сәйкес өз іс-әрекеттерін түзету;
  - тәжірибеге бағытталған міндеттерді шешуге байланысты оқу іс-әрекетін өз бетінше ойластыру, жоспарлау және орындау;
  - педагогикалық және әдістемелік талдау жүргізу, мақсаттарды анықтау, психологиялық-әдістемелік қызметті жоспарлау және ұйымдастыру қабілеттерін ұтымды пайдалану.
- 2.1. Әмбебан (базалық) құзыреттіліктер (ӘҚ):
- Әмбебан (базалық) құзыреттілік – маманның әмбебан, зияткерлік, коммуникативтік, эмоционалды және ерікшүлтік қасиеттерге (білім, дағдылар, қасиеттер мен қабілеттер) негізделген кәсіби міндеттер жанытығын шешу қабілеті.

- тұлғаралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаға түрде коммуникацияға түсу;

- жеке қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді сервістерді пайдалану.

### 2.2. Жаппы кәсіптік құзыреттер (ЖҚК):

Жаппы кәсіби құзыреттілік-маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ықпалдастырылған білім, дағдылар мен тәжірибе, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жанытығын шешу қабілеті.

- өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарлану;

- оқытуға жауапкершілікпен қарауды дамыту, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайын және қабілетті болу, әлеуметтік маңызы бар жұмысқа қатысу тәжірибесін дамыту;

- өз іс-әрекеттерін жоспарланған нәтижелермен байланыстыру, нәтижеге қол жеткізу үдерісінде өз қызметін бақылауды жүзеге асыру, ұсынылған шарттар мен талаптар аясында іс-қимыл тәсілдерін айқындау, өзгеретін жағдайға сәйкес өз іс-әрекеттерін түзету.

### 2.3. Кәсіптік құзыреттер (КҚ):

Кәсіби құзыреттілік – маманның нақты білім, білік, дағды негізінде таңдалған қызмет саласындағы кәсіби міндеттер жанытығын шешу қабілеті.

- білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар мен кәсіби қызмет нормаларына сәйкес кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті;
- негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын жасауға қатысуға, олардың жекелеген компоненттерін (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып) әзірлеуге қабілетті;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жапшыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес балалардың бірлескен және жеке ұйымдастырылған іс-әрекетін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін ұйымдастыруға қабілетті;
- базалық ұлттық құндылықтар негізінде балаларды рухани-аламгершілік тәрбие беруді жүзеге асыруға қабілетті;
- балаларға білім беру нәтижелерін бақылау мен бағалауды жүзеге асыруға, білім алуға кездескен қиындықтарды анықтауға және түзетуге қабілетті;
- балаларды оның ішінде ерекше білім беру қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен білім беру, дамытуда кәсіби қызметте психологиялық-педагогикалық технологияларды қолдануға қабілетті;
- білім беру бағдарламаларын жүзеге іске асыру шеңберінде білім беруге қатысушылармен өзара бірлескен іс-әрекет жасауға қабілетті.

## 3. Қорытынды аттестаттау көлемі, құрылымы және мазмұны

Білім бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау кешенді емтиханды тапсыру түрінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттау кемінде 12 академиялық кредитті құрайды. ҚА ұзақтығы – 6 апта.

Білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау кешенді емтиханды тапсыруға дайындық пен тапсыруды қамтиды.

### 3.1 Кешенді емтихан

Кешенді емтихан ауызша түрінде өткізіледі. Кешенді емтихан алдында білім алушыларға қорытынды аттестаттауға шығарылатын мәселелер бойынша кеңес беру жүргізіледі.

- «Мектепке дейінгі педагогика», «Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі»;

- «Балалар психологиясы»;

- «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың теориясы мен әдістемесі».

Кешенді емтихан аттестаттау комиссиясының ашық отырысында билеттер бойынша емтихан өткізіледі. Билеттер бойынша емтихан өткізу кезінде емтихан тапсырушыға жауап беруге дайындалу үшін 1 сағат беріледі. Емтихан билетінің сұрақтарына білім алушы көпшілік алдында жауап береді. АҚ мүшелері қарастырылып отырған тақырыптар бойынша білім алушының білім тереңдігін анықтау мақсатында қосымша сұрақтар қоюға құқылы. Емтихан билетінің сұрақтарына ауызша жауап беру ұзақтығы 30 минуттан аспауы тиіс. Емтиханға жауап беруге дайындық барысында осы ҚА бағдарламасын және осы бағдарламаның 3.3-тармағында көрсетілген әдебиеттерді пайдалануға рұқсат етіледі.

### 3.2 Кешенді емтиханға шығарылатын сұрақтары бар пәндер тізбесі:

6B01201-«Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері білім бағдарламасы қорытынды аттестаттау сұрақтары:

#### 1.«Мектепке дейінгі педагогика» және «Мектепке дейінгі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні:

1. Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту туралы ғылым. Мектепке дейінгі педагогиканың ғылым ретіндегі қызметтері.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 3 тамыз, № 348 бұйрығы). Мектепке дейінгі білім беру мақсаты және міндеттері.
3. Мектепке дейінгі ұйымның типтері және ерекшелігі. Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие жұмысының нысандары.
4. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер.
5. Сәби шақтағы балалардың дамуы мен тәрбиелеудің ерекшеліктері.
6. Отбасы тәрбиесінің мақсаты, міндеттері, мазмұны. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың формалары.
7. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі, мазмұны және ұйымдастыру әдістемесі.
8. Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой және сенсорлық тәрбиесі, мазмұны және ұйымдастыру әдістемесі.
9. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі, мазмұны және ұйымдастыру әдістемесі.
10. Мектепке дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі, мазмұны және ұйымдастыру әдістемесі.
11. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-кеңістікті дамытушы орта. Кіші және ортаңғы топ балаларының заттық-дамуышы ортаны ұйымдастыру (1-3 ж).
12. Мектепке дейінгі жастағы балаларды қауіпсіз мінез-құлыққа тәрбиелеудің міндеттері, мазмұны мен заманауи технологиялары.
13. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуы және тәрбиелеу әдістемесі.
14. Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру.
15. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті, атқаратын қызметі (функциясы). Ойын түрлері.
16. Мектепке дейінгі ұйымда күн тәртібін ұйымдастыру мазмұны мен әдістемесі.
17. Инновациялық технологияларды қолдану әдістері. М. Монтессори бес аймағының тиімділігі.
18. Инновациялық технологиялар және Ф.Фребель әдістемесінің ерекшеліктері.
19. Мектепке дейінгі балалар өміріндегі ойыншықтың түрлері және оның маңызы.
20. Педагогтердің біліктілік деңгейі мен құзыретіне және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын "Педагог" кәсіптік стандартындағы кәсіптік құндылықтар.
21. «Педагог» кәсіптік стандарты бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» қызметінің негізгі мақсаты.
22. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізгі мазмұны және ерекшеліктері.

23. Мектепке дейінгі мекемедегі педагог-тәрбиеші жұмысының негізгі бағыттары, жүргізілетін жұмыстарының мазмұны.
24. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің жұмысындағы диагностика.
25. Балабақша мен отбасының жұмысындағы сабақтастық.
26. Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына тәрбиелеу.
27. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары, әдіс-тәсілдері.
28. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу.
29. Мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлау мазмұны.
30. Мектепке дейінгі ұйымда балаларға мониторинг жүргізу кезеңдері, нәтижелері.

#### 2. «Балалар психологиясы» пәні

1. «Балалар психологиясы» пәні мен міндеттері
2. Балалар психологиясының әдістері.
3. Психикалық даму теориялары
4. Психикалық дамуды жас кезеңдеріне бөлу.
5. Психикалық дамудың заңдылықтары мен динамикасы
6. Психикалық дамудың факторлары
7. Пренатальды кезеңдегі жоғарғы жүйке жүйесінің дамуы
8. Жаңа туылған кезеңдегі баланың психикалық дамуы
9. Сәби кезеңдегі баланың психикалық дамуы
10. Ерте жастағы баланың психикалық дамуы
11. Мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуының жалпы сипаттамасы
12. Ойын әрекеті - мектеп жасына дейінгі жетекші әрекет ретінде
13. Мектепке дейінгі жастағы бейнелеу әрекетінің дамуы
14. Мектепке дейінгі жастағы оқу іс-әрекетінің бастапқы формаларының ерекшеліктері
15. Мектепке дейінгі жастағы балалардың сенсорлық дамуы.
16. Мектеп жасына дейінгі зейінді дамыту
17. Мектепке дейінгі жастағы есте сақтау кабинетін дамыту
18. Мектепке дейінгі жастағы сөйлеуді дамыту
19. Мектепке дейінгі жастағы ойлауды дамыту
20. Мектеп жасына дейінгі қиялдың дамуы
21. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды-ерік саласын дамыту.
22. Мектеп жасына дейінгі темперамент және мінез
23. Мектепке дейінгі балалық шақтағы қабілеттерді дамыту
24. Мектепке дейінгі жастағы қарым-қатынасты дамыту
25. Балалар тобындағы тұлғааралық қарым-қатынас
26. Балалар тобындағы психологиялық қақтығыс
27. 6-7 жас аралығындағы балалардың дамуындағы өтпелі кезеңнің психологиялық сипаттамасы. 7 жастағы дағдарыс.
28. Балалардың мектепте оқуға психологиялық дайындығы
29. Мектепке дайын кезіндегі бала дамуының әлеуметтік жағдайы
30. Мектепке дейінгі жастағы баланың тұлғалық даму және тұлғааралық өзара әрекеттесуі

#### Мектепке дейінгі әдістемелері

##### «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың теориясы мен әдістемесі».

1. Сөйлеуді дамыту әдістемесі туралы түсінік.
2. Үлгілік бағдарлама бойынша коммуникативтік дағдыларды дамыту бағдарламалық мазмұны.
3. Мектепке дейінгі ұйымда көркем әдебиетпен таныстыру әдістемесі.
4. Үлгілік бағдарлама бойынша жас ерекшелік топтарында бағдарлама бойынша сөйлеуді дамыту мазмұнын талдауы.
5. Сөйлеуді дамыту міндеттерін жеке түсінік беріңіз.

6. Байланыстырып сөйлеуді дамыту әдістемесі.
7. Мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған көркем әдебиет жанрын оқыту ерекшелігі
8. Мектепалды дайындық тобында Сауат ашу негіздерін оқыту әдістемесі.
9. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесінің теориялық негіздерін сипаттаңыз.
10. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытудың бағдарламалық мазмұны.
11. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту.
12. Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамыту жұмыстарын жоспарлау.
13. Инновациялық технологиялар арқылы балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту.
14. Дене тәрбиесі теориясы және әдістемесі пәні, мақсаты, міндеттері, мазмұны.
15. Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің міндеттері және құралдар
16. Үлгілік бағдарлама және мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық қасиеттерін дамыту мазмұны.
17. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене қасиетін тәрбиелеу және қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру әдістемесі
18. Қимыл-қозғалыс ойындары физикалық қасиеттерді дамыту құралы ретінде сипаттаңыз.
19. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары
20. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары
21. Мектепке дейінгі ұйымдағы сауықтыру-шынықтыру шаралары.
22. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесі жұмыстарына әдістемелік басшылық жасау
23. Мектеп жасына дейінгі балаларға бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәні міндеттер мен мақсаты.
24. Бейнелеу өнерінің теориясы, оның түрлері мен жанрлары
25. Бейнелеу өнеріне үйрету әдістемесі туралы түсінік және жас ерекшелік топтарында бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру.
26. Әр түрлі жас топтарында сурет салуға үйрету және балалар шығармашылығы.
27. Жас ерекшелік топтарында мүсіндеуге үйрету және балалардың шығармашылықтары.
28. Әр түрлі жас топтарында жапсыруға үйрету әдістемесі және олардың шығармашылықтары.
29. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу іс-әрекетін жоспарлау және өткізу.
30. Мектеп жасына дейінгі балалардың білім, білік, дағдыларын бағалау мониторингісін сипаттаңыз. Мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері. Мектеп жасына дейінгі балалардың білім, білік, дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістемесі. Диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы. Жеке даму картасы.

### 3.3 Кешенді емтиханда пайдалануға рұқсат етілген әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы бойынша бекіген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекіген «Педагог» кәсіптік стандарты
3. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті жаңартылған стандарты. Астана – 2022жыл
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Астана 2022
5. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық-әдіснамалық негіздері. Астана, 2010ж.

#### Ұсынылатын әдебиеттер:

6. Таубаева Ш.Т. Педагогика / Ш.Т. Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берісханова. – Алматы: ОНОН, 2017. – 340 б.
7. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика. - Астана, 2013-336б.
8. Меңжанова Ә. Мектепке дейінгі педагогика - Алматы «РАУАН» 2012, 20 – 46 б
9. Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш.М.Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық - Алматы. – 2018 , 253 б.
10. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі [Мәтін] / С. Иманбаева. - Алматы, 2017. - 343б.
11. Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі [Мәтін]: оқулық / С. Есқазиева. - Астана: Фолиант, 2014. - 192 б.
12. Методика преподавания педагогики: учебное пособие – 322 с. 2020 г. Мынбаева А.К
13. Воспитание детей дошкольного возраста в условиях среды Бекмагамбетова Р.К. 2019 г., тв., 248 стр. (В25.6.140. Т.15.В.)
14. Шунк Дейн.Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 608 б.
15. Эмания И.А. Педагогикалық психология. – Алматы, 2015ж.
16. Психологиялық-педагогикалық практикум – 102 б. 2016 ж. Төлешова Ү.Б.
17. Инновативті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы – 232 б. 2019 ж. Оспанбаева М.П.
18. Театралды педагогика және педагогикалық артистизм: оқу құралы – 116 б. 2020 ж. Төлешова. Ү.Б.

### 3.4 Кешенді емтиханда дайындық бойынша білім алушыларға ұсыныстар

#### «Мектепке дейінгі педагогика» пәні бойынша

#### 1. Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту туралы ғылым

Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту туралы ғылым. Мектепке дейінгі педагогика педагогикалық ғылым жүйесінде, оның басқа ғылымдармен байланысы. Негізгі педагогикалық ұғымдар, міндеттері. Мектепке дейінгі педагогиканың қалыптасуы. Бала және әлеуметтік орта. Педагогикалық іс-әрекет бала мен педагогтың қарым-қатынас мәдениеті.

Бала – ғылыми зерттеу объектісі және тәрбиелеу субъектісі. Балалық шақ туралы түсінік, мектепке дейінгі кезеңнің бірегейлік маңызы. Мектепке дейінгі балалық шақта бала құқығын қорғау. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тәжірибесіне педагогикалық зерттеу нәтижелерін енгізу.

#### 2. Мектепке дейінгі педагогиканың ғылым ретіндегі қызметтері мен міндеттері

«Мектепке дейінгі педагогика» ғылымының атқаратын қызметтері. Мектепке дейінгі педагогиканың ғылым ретіндегі қызметтері (функциялары). Суреттеушілік, түсіндірушілік, жобалаушы-құраушы, прогностикалық, дүниетанымдық Мектепке дейінгі педагогиканың ғылым ретіндегі міндеттері мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметіне деген сұраныстарымен анықталады. Мектепке дейінгі білім беру жағдайларына лайықтап тәрбиелеу мен оқытудың жалпы заңдылықтарын бейімдеу және негіздеу, мектепке дейінгі білім берудің жаңа тұжырымдамалық әдістерін негіздеу, олардың жүзеге асырылу әдістерін

қарастыру, мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты мен бағдарламаларын жасау, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде іс-әрекеттің дамытушы түрлерін психологиялық-педагогикалық тұрғыда негіздеу. Білім беру мекемесінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің, оқытудың, дамытудың педагогикалық технологияларын жасау. Мектепке дейінгі тұлғалық-бағдарлық білім беруді жүзеге асырудың мазмұнын, түрлерін, әдістерін, педагогикалық шарттарын айқындау. Озат педагогикалық тәжірибені үйрену, қорыту, теориялық тұрғыда негіздеу. Мектепке дейінгі мекемеде білім беру процесінің барысын және нәтижелерін бағалау әдістерін құру. Білім берудің әртүрлі бағдарламаларын жүзеге асыру жағдайында педагогтың шығармашылық қызметінің мүмкіндіктері мен педагогикалық импровизацияның принциптері мен шарттарын анықтау. Заманауи педагог-кәсіби маманның моделін құру, мектепке дейінгі мекемедегі педагогикалық қызметтің тиімділігін бағалаудың критерийлері мен жетістікке жету жолдарын айқындау.

### 3. Мектепке дейінгі ұйымның типтері және ерекшелігі.

Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері. Балалардың күні бойына болатын, қысқа мерзімде болатын балабақшалар, басқа білім беру ұйымдарының жанында болатын топтар, мәдени-білім беру немесе қосымша білім беретін орталықтардың топтар, ата – аналардың, ерікті қоғамының қолдауымен құрылған топтар. Мектепке дейінгі ұйымның типтері (мектепке дейінгі шағын орталықтар, мектеп-балабақшалар, отбасылық балабақшалары, кеңес беру бөлімдері және т.б.) Мақсатына қарай (жалпы дамытатын үлгідегі, бөбекжай-балабақша, жалпы үлгідегі балабақша, балалардың бір немесе бірнеше бағытта дамуын жүзеге асыратын мектепке дейінгі оқу-тәрбие орталығы). Мектепке дейінгі ұйымдардың жаңа үлгілері мен құрылымдары білім беру ұйымдары базасындағы мектепке дейінгі шағын орталықтар, "балабақша-мектеп" кешендері, үйдегі балабақша және т.б.). Жұмыс режимі бойынша ( күндізгі, тәулік бойы, икемді режимді). Түзеу үлгісіндегі (сөйлеу, көру, есту, интеллекті, тірек-қозғалыс функциялары ауыр және жеңіл бұзылған, психикалық дамуы шектеулі және т.б. дене және психикалық дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған, шипажай балабақша, жалпы даму мен түзеу сипатындағы қызметтерді жүзеге асыратын құрама үлгідегі ясли-бақша, балабақша.

### 4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 3 тамыз, № 348 бұйрығы). Жалпы ережелер. Стандарттағы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген терминдер мен олардың анықтамалары. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерудің мерзімі. Жас және топтық кезеңдері. Оқу жүктемесі көлеміне қойылатын талаптар.

### 5. Мектепке дейінгі білім беру мақсаты және міндеттері

Мектепке дейінгі білім беру педагогикалық жүйе ретінде балаларды мақсатты дамыту және мектепке дайындау. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру тұжырымдамасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты мен міндеттері.

Мектепке дейінгі білім берудің тұлғаға бағдарлығы. Ресейдегі алғашқы балабақшалар (Л.К.Шлегер, А.С.Симонович, Е.Н.Тихеева және т.б.). Қазақстандағы алғашқы балабақшалар (Н.Құлжанова және т.б.). Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиенің дамуы. Мектепке дейінгі ұйымның типтері және ерекшелігі (мектепке дейінгі шағын орталықтар, мектеп-балабақшалар, отбасылық балабақшалары, кеңес беру бөлімдері және т.б.).

«Балбөке» бағдарламасы (1999 ж). Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы (5 жастағы баланың дамуы, оқыту және тәрбиелеу). 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламасы. 6-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламасы. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламалары: «Алғашқы қадам» (1-3 жас), «Зерек бала» (3-5 жас), «Біз мектепке барамыз» (5-6 жас), «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен

оқытуды» үлгілік оқу бағдарламасы (2016 ж). Шетелдердегі мектепке дейінгі білім беру. Шетел модельдеріндегі мектепке дейінгі білім беру дамуының негізгі тенденциялары.

### 6. Сәби шақтағы балалардың дамуы мен тәрбиелеудің ерекшеліктері

Сәби шақтағы балалардың даму ерекшеліктеріне сипаттама. Сәби шақтағы балаларды тәрбиелеудегі негізгі педагогикалық ережелер. Перенаталдық онтогенез туралы ғылым. М.Щелованов, Н.М. Аксарина, М.Ю. Кистяковская, Н. Құлжанованың баланы алғашқы күннен тәрбиелеу қажеттілігі туралы ой тұжырымдары. Гостипатизм және оның пайда болу себептері. Сәби жастағы балаларды дамыту және тәрбиелеу.

Психикалық үрдістерді ұйымдастырудағы ересектердің жетекші рөлі. Балалардың тұрмыс тіршілігін ұйымдастыру. Туғаннан 3 жасқа дейінгі балалардың жас кезеңдерге бөлінуі. Сәби шақтағы балаларды тәрбиелеудегі салт-дәстүрлер. Сәби шақтағы балалардың ересектермен қарым-қатынасының мәні. Сәби шақтағы балалардың заттық-дамытушы ортасы. Баланың өмір тіршілігін ұйымдастыру. Сәби шақтағы балалар ойыншылық заттық-манипулятивтік сипаты. Баланың жетекші іс-әрекеті - заттық әрекет. Ойын әрекеті.

### 7. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі

Адамгершілікке тәрбиелеу теориясы мен жүйесі. Адамгершілікке тәрбиелеуді зерттеудің негізгі бағыттары. Адамгершілікке тәрбиелеудің тетігі. Мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мақсат және міндеттері. Адамгершілікке тәрбиелеу құралдары мен әдістері. Іргілікке, тұлғалық сапаларға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің құрамдас бөлігі ұжымдық, патриоттық және азаматтық тәрбие беру.

### 8. Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой тәрбиесі

Ақыл-ой тәрбиесінің теориялық негіздері. Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері, құралдары және әдістері. Ф. Фребель, М. Монтессори жүйесіндегі сенсорлық тәрбие. Педагогикадағы сенсорлық тәрбие жүйесінің ерекшеліктері (А.П. Усова, Н.П. Сакулина, Л.А. Венгер, Б. Баймұратова және т.б.). Балалардың білуге құмарлығын және танымдық қызығушылығын дамыту.

### 9. Еңбек тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі туралы түсінік. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесінің теориялық негіздері. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеудің мақсаты, міндеттері, мазмұны және әдістемесі (Ю.К. Бабанский, В.Г. Нечаева, В.И. Логинова, С.Н. Жиенбаева және т.б.). Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекетінің ерекшелігі. Еңбек іс-әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесінің міндеттері. Еңбек түрлері (өзіне-өзі қызмет ету, шаруашылық-тұрмыстық еңбек, қол еңбекі, табиғаттағы еңбек). Балалар еңбегін ұйымдастыру формасы: жеке және ұжымдық. Ұжымдық еңбек, оның түрлері және мазмұны. Тапсырма, кезекшілік, оның ерекшелігі және тәрбиелік мәні. Тапсырма түрлері. Түрлі жас топтарында мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі. Балалардың еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру шарттары. Отбасындағы еңбек тәрбиесі.

### 10. Кіші және ортаңғы балалар тобында заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру (1-3 ж)

Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру түрлері мен әдістері. Заттық-дамытушы ортаны құру ережелері. Балалардың өз бетімен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру үшін дамытушы-заттық ортаны құруды ескеретін жағдайлар. Баланың қызығушылықтары бойынша ойын және тақырыптық зоналары. Әдістемелерді, жабдықтарды, дидактикалық ойындарды, материалдарды шартты түрде үш санатқа бөлу.

### 11. Мектепке дейінгі жастағы балаларды қауіпсіз мінез-құлыққа тәрбиелеудің міндеттері мен мазмұны

Мектепке дейінгі жаста қауіпсіз мінез-құлық негіздерін тәрбиелеу мақсаты мен міндеттері. Мектепке дейінгі жастағы қауіпсіз мінез-құлықты тәрбиелеудің заманауи

технологиялары. Мектепке дейінгі жаста қауіпсіз мінез-құлықтың уәждерін дамыту принципі. Мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық тәрбиелеу түрлері мен әдістері, құралдары. Мектепке дейінгі жастағы қауіпсіз мінез-құлықты тәрбиелеу кезеңдері.

#### 12. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуы және тәрбиелеу әдістемесі

Дене тәрбиесі денсаулықтың басты факторы. Дене тәрбиесінің мақсат және міндеттері (Ю.К.Бабанский, В.И.Логина, Г.В.Хухлаева, М.Т.Турскельдина, Т.Иманбеков және т.б.). Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің формасы мен әдістері. Денешынықтыру сабағы мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің негізгі формасы: құрылымы, мазмұны (Л.П.Матвеев, А.М.Максименко, А.Д.Новиков, Ф.П.Суслов, М.Т.Турскельдина). Мектепке дейінгі балаларға дене тәрбиесін беру құралдарының жүйесі. Қазіргі мектепке дейінгі ұйымның білім беру үдерісіндегі дене мәдениеті: денсаулық мәдениеті, қимыл-қозғалыс мәдениеті, дене қалпы мәдениеті, «Денсаулық», «денсаулық сақтау технологиясы», «салауатты өмір салты» ұғымдарының мәні. Мектепке дейінгі ұйымдағы денсаулық сақтаудың педагогикалық мазмұны. Денсаулық сақтау технологиясы және мектепке дейінгі балаларға дене тәрбиесін беруде оның элементтерін қолдану.

#### 13. Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру

Оқу-танымдық іс-әрекет және оның компоненттері. Мектепке дейінгі педагогикадағы оқу-танымдық іс-әрекет теориясы (Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, А.П.Усова, В.И.Логина, Л.А.Венгер, Н.Н.Поддьяков, Н.Құлжанова және т.б.). Білім беру үдерісінде және ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру. Білім беру салаларының «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет» интеграциясы. Балалар тәжірибесі танымдық іс-әрекеттің тәсілі ретінде. Күтілетін нәтиже. Индикаторлар жүйесі. Мектепке дейінгі білім беру сапасының мониторингі.

#### 14. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі

Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті ойын. Мектепке дейінгі ұйымдағы ойынның генезисі. Ойынның психологиялық-педагогикалық аспектісі, бала өз ойыны мен іс-әрекетінің субъектісі ретінде, ойынның тұлғалық-дамытушылық әлеуеті. Ойын туралы қозғалыстардың дамуы (С.Л.Рубинштейн, К.Д.Ушинский, Д.Б.Эльконин, К.Гросс, К.Библер, А.Диваев, М.Т.Турскельдина және т.б.). Ойынның жіктелуі, ойын түрлерінің қызметі, құрылымы. Педагогикалық үдерістегі ойынның орны. Ойын және балалар бірлестігі. Ойында балалар қоғамының қалыптасуы және дамуы. Мектеп жасына дейінгі балалар ойынының әлеуметтік бағыттылығы.

#### 15. Мектепке дейінгі жастағы қауіпсіз мінез-құлықты тәрбиелеудің заманауи технологиялары

3-7ж. балаларда қауіпсіз мінез-құлық тәрбиелеудің қазіргі технологиялық әдістері төмендегі педагогикалық қағидаттарға сәйкес болуы. Еліктеу, баланы эмоциялық ынағайту және қолдау, танымдық қызығушылықтар мен қауіпсіз мінез-құлықтың уәждерін дамыту, қауіпсіз мінез-құлықтың еркіндігін біртіндеп дамыту, қауіпсіз мінез-құлықты тәрбиелеуде мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлық компоненттерінің бірлігі, қауіпсіз мінез-құлықтың дағдылары мен іс-тәжірибесі принциптерін талдау.

#### 16. Мектепке дейінгі ұйымда күш тәртібін ұйымдастыру мазмұны мен әдістемесі

Мектеп жасына дейінгі балалардың тамағын ұйымдастыру. Серуенді ұйымдастыру және оны өткізу әдістемесі. Мектепке дейінгі ұйымда балалар ұйқысын ұйымдастыру. Мектепке дейінгі ұйымда күннің екінші жартысын ұйымдастыру.

#### 17. М.Монтессори әдістерінің принциптері

Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық тәрбиесінің теориялық аспектілері. М.Монтессоридің әдістерінің негізгі мақсаты. М.Монтессори сынып кеңістігін шынайы практикалық, сенсорлық даму, математика, тілдік, ғарыштық тақырыптық аймақтарға бөлудегі мақсаты. Әрбір тақырыптық аймақтарға шолу жасау.

#### 18. Ф.Фребель әдістемесінің ерекшеліктері

Ф.Фребельдің зерттеуі бойынша бала-бақша төрт мекемеден тұру керек (ерте жастағы тәрбиеленушілерге арналған, балалардың «бақшалық» оқуы және дайындығына арналған, пайдалы балалардың ойындарын тарататын мекеме және ата-ана мен тәрбиешілерді, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілерді байланыстыратын мерзімдік баспалар). Ф.Фребель бойынша балабақшадағы тәрбиенің басты принциптері. Ф.Фребельдің алты сыйы (доп, ағаштан жасалған шарлар, кубик және цилиндр, куб, сегіз тақтайшаларға бөлінген кубиктер, жонрма жеті кішкентай кубиктерге бөлінген кубиктер, тақтайшаларға, диагоналы бойынша жонрма жетіге бөлінген кубиктер).

#### 19. Мектепке дейінгі балалар өміріндегі ойыншықтың маңызы

Балабақшадағы ойын және ойын материалдары заттық-дамытушы ортаның заттық мазмұны. Ойыншықтың балалар өміріндегі тәрбиелік, білім берудегі мәні (К.Д.Ушинский, Е.А.Ферина). Ойыншықтың жіктелуі, әртүрлі жас топтарына байланысты ойыншықтарды таңдау.

#### 20. Педагогтердің біліктілік деңгейі мен құрыетіне және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын "Педагог" кәсіптік стандарты

"Педагог" кәсіптік стандартты әзірлеудің мақсаты. Кәсіби стандарттағы педагогті оқытудың барлық негізгі бағыттары, ресурстары және өзін-өзі үнемі дамыту мен әріптестік ортада даму, білім алушылармен жұмыс істеу стратегиялары. Педагог өз мамандығына ерекше сәттілікпен бастап қызмет шыңына жеткенге дейінгі бойындағы қасиеттер мен ерекшеліктер мен оған қойылатын талаптар

#### 21. "Педагог" кәсіптік стандартындағы кәсіптік құндылықтар

Стандартта қолданылған негізгі терминдер мен анықтамаларға шолу жасау. Кәсіби стандарттың аттестаттау, ұлттық біліктілік тестін тапсыру кезінде педагогтің еңбегін объективті бағалауға мүмкіндік беруі. Кәсіптік құндылықтар (педагог мамандығына адалдық, ізаматтық, кәсіби этиканы сақтау, жауапкершілік, проактивтілік). Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша құрыеттік критерийлері.

#### 22. "Педагог" стандарты бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» қызметінің негізгі мақсаты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі қызметінің негізгі мақсаты. Жоғары кейінгі кәсіби қызметінде тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру, тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу, ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыруда білім мен білік дағдыларына шолу жасау.

23. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Түсіндірме жазба. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың түрлері мен әдістері. "Денсаулық" білім беру саласы. "Коммуникация" білім беру саласы. "Таным" білім беру саласы. "Шығармашылық" білім беру саласы. "Әлеумет" білім беру саласы.

24. Эстетикалық тәрбие Эстетикалық тәрбиенің теориялық негіздері. Эстетикалық тәрбие міндеттері. «Эстетика», «эстетикалық сезім», «эстетикалық тәрбие» ұғымдарына сипаттама. Эстетикалық тәрбие беру тетігі. Эстетикалық тәрбие беру әдісі, құралдары, шарты. Мектепке дейінгі ұйымдағы эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру формасы. Балалардың көркемдік іс-әрекетінің түрлері. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік эстетикалық талғамының дамуы және тәрбиелеу.

#### 25. Мектеп жасына дейінгі балалар ойынының атқаратын қызметі (функциясы)

Ойынның мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дейінгі ұйымда одан басқа іс-әрекет түрлерін бір-бірінен ажырататын өзіндік атқаратын функциясы (қызметі). Әлеуметтік-мәдени, коммуникативтік, диагностикалық, емдік, түзету, алдыңғы функцияларына шолу жасау, мысал келтіру.

26. Ережелі ойындар. Ережелі ойындарға сипаттама. Ережелі ойындар түрлері. Дидактикалық ойындардың педагогикалық құндылығы. Оның түрлері және педагогикалық үдерістегі орны. Жетекшілік жасау ерекшелігі. Дидактикалық ойындар туралы негізгі педагогикалық зерттеулер (Е.И.Тихеева, В.Н.Аванесов, Л.И.Сорокина және т.б.). Қимыл-қозғалыс ойындары және оның бала тұлғасын қалыптастырудағы мәні. Қимыл-қозғалыс

ойынның жіктелуі. Педагогикалық үдерістегі қимыл-қозғалыс ойыны. Қимыл-қозғалыс ойындарының алуан түрлілігі және басшылық жасау ерекшелігі. Ұлттық ойынның ролі (А.К. Бондаренко, М.Т. Турскельдина, Н.Ж. Барымбеков және т.б.). Компьютерлік ойын мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын қалыптастырудың құралы.

**27. Шығармашылық ойындар** Шығармашылық ойындардың түрлері және оларға сипаттама. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамытудағы сюжеттік-рольдік ойындар. Сюжеттік ойында дамытудың бес кезеңі: таныстыру, бейнелік, сюжеттік-рольдік, өзіндік-рольдік. Ойынды басқарудың маңыздылығы мен күрделілігі. Ойын шығармашылығын дамыту: ойлауға қабілеттілік, тұтастық, максатқа бағытталық, білімін үйестіру, ойын міндеттерін шығармашылықпен шешу біліктілігі. Театрланған ойынның өзіндік ерекшелігі, тәрбиелік құндылығы. Мектеп жасына дейінгі құрылыс ойынына басшылық. Құрылыс ойыны туралы З.В. Лигнван, Б.Г. Нечасова, Л.А. Парамонова және т.б. еңбектері. Құрастыруға жетекшілік жасаудың ерекшелігі. Интеллектуалдық дамытушы ойындар.

**28. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-кеңістікті дамытушы орта.** Мектепке дейін білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі жаста баланы дамытуда заттық-кеңістікті дамытушы ортасын құрудың маңызы. «Балалық шақ» бағдарламасын жасаушы М. Н. Полякованың заттық-кеңістікті дамытушы ортаға берген сипаттамасы (Жағдайдың жайлылығы мен қауіпсіздігі, сенсорлық әсерлердің байлығын, балалардың өзіндік даралық іс-әрекетін, зерттеу, үйрету мүмкіндіктерін мен балалардың таным іс-әрекетіне қатысу мүмкіндіктері қамтамасыз ету. Дамытушы ортаны жасақтауда тәрбиешіге қойылатын талаптар.

**29. Баланы мектепке дайындау мазмұны.** Баланы мектепке оқытуға дайындаудың мәселелері. Балабақшада мектепке дайындау үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Баланы мектепке дайындаудың мазмұны (дене, психологиялық зияткерлік, әлеуметтік-адамгершілік, мотивациясы, эмоционалдық).

ҚР мектепалды даярлық білім беру тұжырымдамасы (1999). 5-6 жас, 6-7 жастағы балаларды міндетті мектепалды даярлау. Мектепалды даярлау білім беру бағдарламасы (2016). Мектепалды даярлау білім беру бағдарламасын талдау. Мектепке даярлаудың құрылымы. Баланы мектепке оқытуға ақыл-ой, әлеуметтік-психологиялық, дене дайындығының ерекшеліктері. Баланың мектепке дайындығын диагностикалау.

Баланы мектепке оқытуға дайындаудың мәселелері. Балабақшада мектепке дайындау үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Баланы мектепке дайындаудың мазмұны (дене, психологиялық зияткерлік, әлеуметтік-адамгершілік, мотивациясы, эмоционалдық).

ҚР мектепалды даярлық білім беру тұжырымдамасы (1999). 5-6 жас, 6-7 жастағы балаларды міндетті мектепалды даярлау. Мектепалды даярлау білім беру бағдарламасы (2016). Мектепалды даярлау білім беру бағдарламасын талдау. Мектепке даярлаудың құрылымы. Баланы мектепке оқытуға ақыл-ой, әлеуметтік-психологиялық, дене дайындығының ерекшеліктері. Баланың мектепке дайындығын диагностикалау.

**30. Мектеп дейінгі ұйымда балаларға мониторинг жүргізу кезеңдері, нәтижелері.** Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлау негізі. Мектепке дейінгі білім беру сапасының мониторингі. Мектеп жасына дейінгі балалар мониторингтің субъектісі. Мониторингтің объектісі («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары). Мониторинг нәтижелерін алу әдістері. Диагностиканы жүргізу кезеңдері. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін есептеу әдістемесі.

«Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша

**1. Тәрбие үдерісі мектепке дейінгі ұйымдағы тұтас педагогикалық процестің бір компоненті.** Тәрбие мәдени-тарихи феномен. Тәрбие педагогика ғылымының категориясы. Тәрбие қызметі. Тәрбие, даму, қалыптасу, жетілу. Тәрбие, оқыту және білім берудің өзара байланысы. Педагогикалық үрдіс, тәрбие үдерісі, тәрбиелеу үдерісі. Тәрбиелеу үдерісі: мақсаты, мәні. Тәрбиелеу іс-әрекеті тәрбиелеу үдерісінің бір компоненті. Тәрбие үдерісінің жүйелілік табиғаты. Тәрбие үдерісінің логикасы мен қарама-қайшылығы. Тұтастық тәрбие үдерісінің сипаттамасы ретінде. Мектепке дейінгі ұйымдағы тұтас педагогикалық процестің негізі.

**2. Бала тұлғасы тәрбие объектісі және субъектісі.** Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлға ретінде қалыптасу кезеңі және тәрбие. Негізгі ұғымдар: тұлға, индивид, даралық, іс-әрекет субъектісі, объект. Тұлғаның дамуы және тәрбиенің базалық теориясы. Бала тұлғасына ықпал ететін факторлар (әлеуметтік орта, тұқымқуалаушылық, тәрбие, іс-әрекет). Тәрбиенің бала дамуындағы жетекші ролі. Тәрбие үдерісінің субъектісі және объектісі. Тәрбие және әлеумет. Мектепке дейінгі баланың тұлғасын әлеуметтендіру және тәрбиелеу. Тұлғаның базалық мәдениеті. Мектепке дейінгі кезең - баланың бастапқы тұлғасын қалыптасуы және өзге де гуманистік бағытта қатынасын тәрбиелеу.

**3. Мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық үдерісінде баланы тәрбиелеу.** Тәрбие мақсаты туралы ұғым, оның объективтік сипаты. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшелігі және қоғамның әлеуметтік сұранысына қарай тәрбие мақсатының анықталуы. Педагогикалық өзара әрекеттесу: мәні және принциптері. Тәрбие әдісі, тәсілі, құралдары. Тәрбие әдістерінің жіктелуі. Баланың тұлғалық санасын қалыптастыру әдісі. Тұлғаның қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін және іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері. Тұлғаның мінез-құлқы және іс-әрекет мотивациясын, ынталандыру әдістері. Тәрбиелеудегі бақылау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау әдістері. Тәрбие жұмысының формалары және оның жіктелуі. Тәрбие тұжырымдамасы және моделі.

**4. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі.** Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тұлғасы. Тәрбиеші іс-әрекетінің ерекшелігі және оның балаға қатынасы. Педагогикалық қызметі және біліктілігі. Тәрбиеші құзыреттілігіне сипаттама. Тәрбиеші іс-әрекетінің шығармашылық сипаты. Тәрбиеші жұмысын ұйымдастыру мазмұны, формасы, педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Балабақшадағы тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетіне және тұлғасына қоғамның және ата-аналардың қоятын талаптары.

**5. Дене тәрбиесі.** Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориялық негіздері. Баланың психикалық және дене дамуының біраілігі. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің міндеттері: денсаулығын нығайту, арзасын шынықтыру, қимыл-қозғалысын дамыту, гигиеналық дағдылары мен әдеттерін меңгерту. Мектеп жасына дейінгі балаларына дене тәрбиесін беру құралдары, қимыл-қозғалыс тәртібі, белсенділігі.

Баланың дене дамуын қамтамасыз ететін гигиеналық шаралар. Тамақтану. Ұйқы. Серуен. Күн тәртібі. Мәдени-гигиеналық дағдыларын тәрбиелеу. Күн тәртібіндегі шынықтыру үрдісі. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлері және оны ұйымдастыру формалары (білімдік, сауықтыру шаралары, белсенді демалыс, балалармен жеке жұмыс, отбасымен өзара әрекеті). Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін жүзеге асыруда денсаулық сақтау технологиясын қолдану. Мектеп жасына дейінгі балалардың денесін жетілдірудегі спорт пен қимыл-қозғалыс ойындардың ролі. Денсаулық сақтау дағдылары: мәдени-гигиеналық дағдылар, дене мәдениеті, дене қимыл белсенділігі, салауатты өмір салты.

**6. Адамгершілік тәрбиесі.** Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі ұғымдары. Мектепке дейінгі педагогикадағы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары (Ю.К. Бабанский, Б.Т. Лихачев, В.Г. Нечасова, В.И. Логанова, А.К. Мейжанова және т.б.). Мектеп жасына дейінгі балалардың ұжымшылыққа бағытталған қалыптасуы. Ұжымшылыққа өзара қатынас тәжірибесін қалыптастыруға жағдай тудызу. Патриоттыққа-азаматтыққа тәрбиелеудің теориясы және жүйесі. Азаматтық тәрбие беру мақсат, міндеттері, мазмұны.

Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеуді ұйымдастырудың әдістері, тәсілдері және формасы. Ізгілік тұлғалық сапаларға тәрбиелеу. Әлеуметтік дағдылар тізбесі: өзін-өзі ұстау мәдениеті, ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеті, адамгершілік нормалар туралы түсінігі. Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени міндет-құлдан тәрбиелеу. Этикет және адамгершілік: тілдік, қонақ, асханалық этикет, имидж және оны құрудың адамгершілік талаптары. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының ролі.

**7. Ақыл-ой тәрбиесі.** Мектепке дейінгі балалардың тұтастай дамуында ақыл-ой тәрбиесі, Ақыл-ой тәрбиесінің теориялық негіздері. Ақыл-ой тәрбие жүйесінің мәні және ерекшелігі. Мектепке дейінгі балалардың танымдық дағдысын қалыптастыру. Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері: қоршаған орта туралы білімін қалыптастыру; білуге құштарлығын, танымдық қызығушылығын, танымдық процестерін; зияткерлік қабілеті мен тілін дамыту. Мектепке дейінгі балалардың қоятын сұрақтарының зияткерлік дамуындағы маңызы. Танымдық дағдылар. Мектепке дейінгі балалардың қоршаған орта туралы білім жүйесін қалыптастыру: тірі және өлі табиғатпен, қоршаған ортамен таныстыру.

**8. Сенсорлық тәрбие.** Сенсорлық тәрбиенің теориялық негіздері. Балалардың негізгі іс-әрекет түрлерінің дамуы және ақыл-ой тәрбиесінің сенсорлық негіздері. Мектеп жасына дейінгі балаларда сенсорлық эталонды меңгеру, зерттеу іс-әрекетінің қалыптасуы, сезімдік тәжірибесінің жинақталуы.

